

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»

Балабакша мәнгерүйсі:

Естайева Б



2022-2023 оқу жылындағы Әдістемелік кеңес отырысының хаттамалары

Қазығұрт

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №1

Уақыты: 31.08.2022 жыл

Жүргізу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төраійымы: Сақыбай Г

Хатшы: Бурутаева П

Катысқаны: 8

Катыспағаны: 4

Күн тәртібінде:

1.	Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: - перспективалық жоспарын талқылау;	Әдіскер
2.	МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары	Әдіскер
5.	Ағымдағы мәселелер.	Әдіскер

Тыңдалды: Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
- перспективалық жоспарды талқылау және бекіту

Сөйлемді : Әдіскер 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде балабақшада өтпелі тақырыптар жасалынып, бекітілді. Өтпелі тақырыптар балалардың жас ерекшеліктерін, балабақшаның тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзыреттілік танытуға бағытталған. Педагог-мамандар перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрайды, нақты жас тобының перспективалық жоспарында педагог-маманның жоспарына сілтеме жасалады.

Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабактастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ете отырып тәрбиешілер өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар жазады.

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы, т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған циклограмма құрастырылады деп атап кетті.

2. Тыңдалды:

МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары

Сөйлемді: әдіскер А.Акжигитова биылғы оқу жылында тәрбиешілердің күжаттарында өзгешеліктер бар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес:

- балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;
- «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылықта тәрбиелеуге;
- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;
- мектепке дейінгі білім берудің сабактастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
- балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, естетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;
- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті үйімдастыруға;
- мектепке дейінгі үйім мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі деп нақты атап өтті.

. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

- 1-денгей – бала сол немесе басқа қимылдарды қайталай алады;
- 2- деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді;
- 3- деңгей – бала өзінің жасай алатынын колданады деп нақты атап кетті.


3. Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйлемді: Әдіскер алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қыркүйек айында өтетін Тілдер мерекесіне барлық топтарда тақырыптық тәрбиелік шаралар үйімдастырылсын және ата-аналарға мәліметтер берілсін. Қарттар күніне орай сурет көресі мен «Атадан балаға мұра» тақырыбында аталар сайысы үйімдастырылады. Үйімдастырылған, өткізілүйнен Б.Копжасарова әдіскер жауапты. Денсаулық күніне орай «Әкем, анам және мен» спорттық жарыс жоспары жасалынып, бекітілсін. Қазан айында «Алтын күз» мерекесіне музика жетекшісі мен тәрбиешілер сценарилерін дайындаған, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуарының қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарының осы уақытта көрінеді.

Шешім:

1. Перспективалық жоспар, 2022-2023 оку жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптардың сакталуын қадағалау.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



Хатшы:

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №4

Күні: 11 мамыр 2023 жыл

Катысқаны: 10
Катыспағаны: 2

Тақырыбы: Жылдық оқыту мен тәрбиелеу

Жүргізу түрі: пікірталас

Әдістемелік кеңес төрайымы: Сақыбай Г

Хатшы : Бурутаева П

Күн тәртібінде:

- | | |
|--|-------------------------------------|
| 1. №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | әдіскер- |
| 2. Жылдық оку жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау | әдіскер- |
| 3. Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарau | әдістемелік бірлестік жетекшісі – . |
| 4. Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер | әдіскер- |

1. Тындалды: №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйлемді: Әдіскер педагогтар өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша портфолиоларын дайындаған, педагогикалық кеңесте қорғап шықты. Кейбір тәрбиешілерге толықтырулар қажеттілігі айтылды. Тәрбиешілердің әлі де өздігінен ізденіп, жаңа технологияларды менгеру деңгейі төмендігі, әр түрлі сайыстарға қатыспайтыны туралы айттылып, ескеrtулер берілді,-деді.

Шешім: Откен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттаннаралық деп танылсын.

2. Тындалды: Жылдық оку жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау

Сөйлемді: Әдіскер елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» деген болатын. Иә, елбасымыз айтқандай жас жеткіншектерді тәрбиелеу жұмысының негізі ең алдымен отбасында қаланып, соңан соң балабақшада жалғасатыны белгілі. Бүгінгі жас ұрпақ болашағының ірге тасының берік қалануы үшін, балабақшада берілетін білім мен тәрбиені дұрыс қалыптастыру өз қолымында. Біздің басты мақсатымыз: Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру стандартының негізгі ережелері мен талаптарын басшылыққа ала отырып, білім салаларында білім алу күзіреттіліктерін қалыптастыру. Сапалы білім беру жүйесінің ең алғашқы сатысы-мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу болса, баланың алғашқы құрылым институты отбасы болып саналады. Отбасы тәрбиесінің басты ерекшелігі балаға байланысты ең ерекше эмоциалық қатынасты

Әдістемелік кенес отырысы
Хаттама №2

Уақыты: 09.12.2022жыл

Жүргізу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кенес төраійымы: Сақыбай Г

Хатшы: Бурутаева П

Қатысқаны: 6

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібінде:

1.	«Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы» Баяндама	Әдіскер
2.	Өткізілген ашық оку қызметінің қорытындысы	Әдіскер
5.	Ағымдағы мәселелер.	Әдіскер

1. Тыңдалды: Балабақша әдіскері:

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дene қурылышының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптастасындығын айтып өтті. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады деді. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада; ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық індерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алуудың терендігі мен ырғактылығы тыныс алууды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет деп атап өтті. Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары «Денсаулық» білім беру саласында көрсетілгенін, «Денсаулық» білім беру саласының мақсаты: өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, денсаулықтың адамға берген басты құндылығы екенін түсіндіру, қозғалыс белсенділігін дамыту және физиологиялық қасиеттерін қалыптастыру деп атайды. Келе берілген баяндаманы егжей – тегжейлі тәрбиешілерге түсіндіріп өтті.

2. Тыңдалды: Менгеруші: сөз алып, өтілген ашық оку қызметінің жақсы өтілгендейгін тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындағы ашық сабактарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оку қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балардың сабакқа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

3. Сөз сөйлегендер: Әдіскер ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсene қатысатындығының көрініп тұргандығын айта кетті.

4. Тындалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйлемді: Әдіскер сөз алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында болатын Тұнғыш президент, Тәуелсіздік күні қарсаңында ата-аналармен көрме ұйымдастырылады, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілініп, балаларға мәлімет берілсін. Тәрбиелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге, жаңа жыл мерекесінің сценариін музика жетекшісі дайындаپ, топтарға тарқатып берсін. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Шешім:

1. МДҰ салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сауықтыру – шынықтыру шаралары қолға алынын
2. Жас мамандар ашық оқу қызметіне қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.
3. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



Сақыбай Г

Хатшы:

Бурутаева П

айта өтті, бұл дегеніміз балардың сабакқа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойна түйетіндігін айта өтті.

1Сөз сөйлегендер: Әдіскер----- ашық оку қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оку қызметінде белсene қатысатындығының көрініп тұргандығын айта кетті.

3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйлемді: Әдіскер алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қантар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кенестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және қантар, ақпан айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған оку қызметтерінің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған оку қызметіне қатысу парағын толтырып отыруларын айтты. Балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысына тыңғылықты дайындалуларын, балабақша мен мектеп сабактастығы, ересек топ балаларының мектеп кітапханасына саяхатқа баруы, оны дұрыс ұйымдастыру туралы айттып, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты.

Шешім: 1. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық енбек, имандылық тәрбиелерімен сабактаса жүргізу қолға алынсын.

2. Жас мамандар ашық оку қызметіне қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.

3. Қантар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кенестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілінсін.

Әдістемелік кенес төрайымы:
Хатшы:

Сақыбай Г
Бурутаева П

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №3

Уақыты: 12.03.2023

Жүргізілу түрі: Дөнгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы: Сақыбай Г

Хатшы: Бурутаева П

Қатысқаны: 10

Қатыспаганы: 0

Күн тәртібінде:

1. Қоршаған ортамен танысу, экология негіздері арқылы баланың Әдіскер
эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы
2. Өткізілген ашық оку қызметінің қорытындысы Әдіскер-
5. Ағымдағы мәселелер. Әдіскер

1. Тындалды: Балабақша әдіскери

Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік күндылықтарын жоғалтуға әкеліп соктырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Осіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймын. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытуудың негізгі формалары бакылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бакылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтерінкі көңіл – күймен катар табиғат сұлұлығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су қую, құрғақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш тұptерін тазалау т.б. сиякты қарапайым енбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай енбек түрлерін орындау, балалардың енбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық енбек, имандылық тәрбиелерімен сабактаса жүргізу басшылықта алынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тірі табиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұйымдарды нақты түрде менгеру ұсынылады. Корытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір – бірінсіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра коршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, камқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек. Соңдаған табиғатымыздың ауасы таза, берер құдіреті көп болмақ деген ойдамын деп баланың эстетикалық талғамының, табиғатқа деген әсем сезімнің қалыптасуының маңызын түсіндіріп отті.

2. Тындалды: Менгеруші Естауова Бсөз алып, өтілген ашық оку қызметінің жақсы өтілгендей ,саласының «Үй жануарлары» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтЫП өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабактарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескертे кетті. Сонымен катар ашық оку қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қаралу жағдайының бар екендігін

Сөйледі: әдістемелік бірлестік жетекшісі, 2022-2023 оқу жылында әртүрлі сайыстарға қатысып өздерін жан-жақты көрсете білген педагогтарды атап оларды, жаңа оқу жылында мұғалімдер күні қарсаңында мадактауға ұсынды. Олар тәрбиешілер - деді.

Сөйлеген:

К.Жылқыбаева: Былтырғы оқу жылында балабақшада жұмыс жасайтын 13 педагогтың 4-5-і ғана әртүрлі сайыстарға белсенді қатысып, өздерін жан-жақты дамытып отырды. Қалған педагогтар келесі жылы бұл жағдай қайталанбай, өз-өздерінізді дамытып, сайыстарға қатысып отырыныздар,-деді.
Шешім: Ұсынылған педагогтар тізімі №1 педагогикалық кеңесте қарауға дайындалсын..

4. Тыңдалды: Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер

Сөйледі: Әдіскер келесі оқу жылында педагогтардың өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын жандандыру арқылы тәрбиеленушілерге заман талабына сай білім мен тәрбие беру, өзіндік білім жетілдіре отырып, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып-үйрену, жаңаша білім мазмұнына сай құжаттарды толық толтыруды үйрену, тамыз кеңесіне баяндама оқитын педагогтар баяндамаларына дайындық жұмыстарын қарастырып, тақырыптарын бекітсін, - деді.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



Сақыбай Г

Хатшы:

Бурутаева П

калыптастырады, өзіне деген сенімділігін арттырыады. Ата-ананың көрсеткен үлгісі, жеке тұлғалық дамуы отбасы тәрбиесінің нәтижесіне әсер етеді, баланы жан-жақты дамыту жүйесінде балабақша мен отбасының өзара байланысын анықтайды. Бөбекжайда казіргі таңда 96 бүлдіршін тәрбиеленіп, білім алуда. Тәрбиелушілерге тәлім-тәрбие беру жолында арнаулы және жоғары білімді педагогтар жұмыс істейді. Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысы негізінен Қазакстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға міндettі білім беру стандарты, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік» бағдарламасымен жұмыс істейді. Қазіргі уақытта 5 топ мемлекеттік тілде жұмыс істейді. Әрбір топтағы тәрбие, білім беру өнегелі әдептерге үйретудегі жаңа технология әдіс-тәсілдерімен ойын түрлері арқылы жүргізілген тәрбие жұмыстары нәтижесін беруде. Бөбекжай оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын жасап, бекітіп, сол бойынша біршама жұмыстар атқарды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты негізінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы топтарда жүзеге асырылуда. Бес білім беру саласымен жұмыс жасау елеулі нәтижелер берді. Бөбекжайда оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, тәрбиешілерге және жас мамандарға арналған кеңестер жүргізілді. Әрбір топтағы тәрбие, білім беру-өнегелі әдептерге үйретуде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер мен ойын түрлері арқылы жүргізілетін тәрбие жұмыстары нәтижесін беруде. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін, танымдық қажеттіліктерін, тәрбиелеумен оқыту үрдісін ұйымдастыру іс-әрекеті барысында жаңа әдіс-тәсілдерді қолданулатын қамтамасыз ету, өз бетімен ізденулеріне колдау көрсету мақсатында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары» тақырыбында практикум-кеңес, «Баланың шығармашылық қабілетін жетілдіруде эстетикалық тәрбиенің ролы» диалог-кеңес, «Бөбекжайда педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуды өздігінен білім алу жағдайында іске асыру», «Ұрпак тәрбиесі-ел болашағы» тақырыптарында семинар өтті. Онда педагогтар өзара іс-тәжірибелерімен бөлісіп, әдістемелік көмек алды. Оқу жылында педагогикалық ұжыммен «Педагогикалық ұжымының педагогикалық ғылыми жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибелерін тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарына қолдану», «Педагогтардың өздігінен кәсіби дағдыларының жүзеге асуының қалыптастыруы», «Рухани жаңғырудың жарқын жолы» және «Әдістемелік жұмыстардың барысын қорытындылау» тақырыптарында педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогтар инновациялық технологиялармен, жаңа бағдарламалармен танысты. Өздерінің теориялық білімдерін жыл бойы балалардың жан-жақты дамуына мақсатты түрде бағыттап, түрлі әдіс-тәсілдерді практикалық түрғыда қолдана білді. Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді балалардың тілдік дамыту жұмыстарында қолданып, соның нәтижесінде суреттер бойынша әңгіме құраудың, мазмұндаудың жаңа сыйбасын әзірледі. 2017-2018 оқу жылында жылдық оқу жоспарына сай жұмыстар жүргізілді,- деді.

Шешім: жылдық оқу жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
3.Тыңдалды: Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарастырай.